



---

МАНАШ ҚОЗЫБАЕВ

КИЕЛІ  
ТӘУЕЛСІЗДІК







---

МАНАШ ҚОЗЫБАЕВ

**КИЕЛІ  
ТӘУЕЛСІЗДІК**

“Баспалар үйі”  
Алматы 2009



УДК 070  
ББК 76.01  
Қ 58

*Қазақстан Республикасының  
Мәдениет және ақпарат министрлігі  
Ақпарат және мұрағат Комитеті*

*017 «Әлеуметтік маңызды әдебиет түрлерін шығару» бағдарламасы*

**Құрастырған  
Ілияс Манашұлы Қозыбаев**

**Қ58 Қозыбаев М.**

Киелі тәуелсіздік / Құраст. І.М. Қозыбаев. – Алматы: Баспалар үйі,  
2009. 448 бет.

ISBN 978-601-264-004-5

Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, Қазақстан ғылымына еңбегі сіңген қайраткер, Ш.Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, ҚР Президентінің бейбітшілік және ұлтаралық келісім сыйлығының лауреаты Манаш Қабашұлы Қозыбаевтың (1931-2002) еліміз егемендік алып, тәуелсіздік туын тіккеннен бергі тұста жарияланған сұхбаттары, публицистикалық мақалалары, баяндамалары енген. Автор ғасырлар бойы халық арман еткен тәуелсіздік туралы, оның ата тарихы жайлы сыр шертеді, тарихтың «ақтаңдақтарын» күн тәртібіне қойып, оны шешуге байланысты өзіндік көзқарасын баяндайды.

«Киелі тәуелсіздік» – ұлтын сүйген, Отанын сүйген, ойшыл, зейінді қауымға арналған. Танымал ғалым, көсем сөздің көрнекті шебері Манаш Қозыбаевтың бұл еңбегін оқырманның қызығып та, ынталанып та оқитыны ақиқат.

Қ  $\frac{4502020000-05}{00(05) - 09}$  09

УДК 070  
ББК 76.01

ISBN 978-601-264-004-5

© М. Қозыбаев, 2009  
© Баспалар үйі, 2009



*I бөлім*

**ӨРКЕНИЕТ ӨРІНДЕ**



## АТА ТАРИХЫ ТУРАЛЫ ҮЗІК СЫР

(Қазақ халқының тағдыры туралы)

Біз, қазақ, атаны, ананы пір тұтқан халықпыз. Сондықтан да біз тегімізді атадан, тілімізді анадан санаған халықпыз. Қорқыт ата кітабында: «Атасыз ұл ақылға жарымас, анасыз қыз жасауға жарымас» – деп тегіннен тегін айтпаған-ды. Қазақ «Жеті атасын білмеген – жетімдіктің белгісі», «Жеті атасын білмеген – жетесіз», «Жеті атасын білген жеті рудың қамын жейді» – деп санайды. Шығыс ақындарының пірі Мағжанның:

Асқар алып – ата затым сұрасаң

Асқар дана – ана затым сұрасаң<sup>1</sup>,–

деуі осыдан

«Біз, қазақ, қайдан шықтық?», «Әлемдік өркениетте, тарих көшінде алар орнымыз қандай?» деген сауалдар осы бүкілқазақтық ұлы қосында тілге тиек, сезімге тірек аларлықтай баршамыздың көкірегімізде шырақтай алаулап тұрғаны Аллаға да, адамға да айдай аян.

Тарихи сыры да көп, айтатын мұңы да көп түркі текті халықтардың ішіндегі іргелісінің бірі, бірі де болса бірегейі қазақ халқы екені баршаға белгілі. «Қазақ түрік емес, қазақсыз түрік емес» деген ежелгі мәтел өр қазақтың ерен мінезін, абзал қасиетін, асқақ көңілін, ата тарихына деген сүйіспеншілігін көрсететіні хақ.

Мен бүкіл қазақ тарихын бірнеше асқаралы белестерге бөлер едім.

Олар:

1) адам баласы қазақ сахарасында пайда болып, өмір сүрген тайпалар белесі;

2) сақ-ғұндар заманасы;

3) түркі тектес тайпалар дәурені;

4) қыпшақ белесі;

5) мұңғыл үстемдігі;

6) қазақ хандықтары: халық, ұлттың қалыптасуы;

7) отаршылық бұғауында;

8) қазақ халқы кеңес империясының уысында;

9) қазақ халқы егеменді ел болған шағында.

Әлем мен өркениет, ру мен тайпа, тек пен нәсіл, халық пен ұлт, жүз бен мемлекет, тұрмыс қарекеті мен ұлттық сана, уақыт пен тағдыр – көне түркі көшінің негізгі төл иелері осылар. Ендеше, осы көш иелеріне байланыстыра әрбір белес туралы – халқымыздың тарихи тағдыры туралы қысқаша топшылама (резюме), үзік сырлар, ойлар айтқым келеді.

**I-белес.** Еуропа мен Азия құрлығын жамбастап, Шығыста – Тәңірі

<sup>1</sup> Жұмабаев М. Шығармалар. Алматы, 1989. 55-б.

(Тянь-Шань), Алтай, Тарбағатай, Алатау, Саян, Хинган, батыста – Карпат тауларының аралығы апайтөс, сайын сахарада ерте заманнан көшпелі халықтар мекендеген-ді. Осы күні қазақ елінің жерінде біздің д.д. XVIII-VIII ғғ. өмір сүрген тайпалар археолог ғалымдардың айтуы бойынша, қазақ халқының ата салтына, дәстүріне ұқсас қышқа нақышталған, тасқа таңбаланған өрнек өнерін қалдырыпты.

**II-белес.** Сақ-ғұндар дәуірі. Біздің д.д. VII-IV ғғ.арасында Ұлы далада тарихтың атасы Геродот (жезтаңдай Цицерон осылай деп бағалаған), Скиф, грек географы Страбон – сақ деп атаған тайпалар дәурен сүрді.

Массагет пен дайлар, исседондар, аландар, үйсіндер, қангюлар сияқты сақтың тайпалары Үнді, Ауған, Пәкістан, Орта Азия, Қазақстан мемлекеттерінің қайнар басында тұрды. Бұл күні түркі тектестігі дәлелденген сақтардың кейіннен өмір сүрген түркі халықтарының түп қазығы екендігіне күмән болмаса керек. Айталық, кейбір түркі тектес халықтар – қайсақ-қазақ, саха аталуы, не болмаса арғын, қыпшақ, керей рулары ішінде «сақтоғалық», «Бессақ», «Сақұлы», «Борсақ», «Қарсақ», саха сияқты сақ атын қолданған этникалық тармақтар сақ тайпасы атауынан осы күндерге жалғасып жеткен сақ этнонимінің жаңғырығы емес пе? 1970 жылы Алматы іргесінен – атақты Есік қорғанынан табылған алтын сауытты сақ жауынгерінің бұйымдары, жазулы тостағаны көне заманның рухани-мәдени өмірінің айнасы екені де анық.

Ұлы даланы бес ғасырға жуық (біздің д.д. 204 жылдан біздің заманымыздың 216 жылына дейін) дүбірлетіп, гүмбірлетіп ғұндар (көне қытай деректері бойынша Орхон өзеніне байланысты хун атанған) өтті<sup>1</sup> Көне қытай шежірелерінде ғұндардың Азияның терең қойнауынан шығып, осы күнгі қазақ сахарасына қоныс аударғаны, олардың ежелгі сақтардың ұрпағы екендігі туралы мәліметтер кездеседі<sup>2</sup>. Сонымен қатар сақтар мен ғұндардың өмір салтының, мәдениетінің өте жақындығы бұл күндері археологиялық айғақтармен де дәлелденіп отыр<sup>3</sup>. Ғұндардың Еділ (Атилла) бастаған қалың қолы өздеріне аландарды, антыларды, герман тектес тайпаларды қосып алып, Дунайға жетіп, Румынның қақпасына тірелгені мәлім<sup>4</sup>.

Абайдан кейінгі заңғарымыз Мағжан Жұмабайдың «Пайғамбар» деген өлеңінде:

<sup>1</sup> Бернштам А.Н. Проблемы древней истории и этногенеза Казахстана // Изв. АН КазССР. Сер. археол. 1949. № 57, вып. 2. 95-б.

<sup>2</sup> Оразбай М. Біздің заманға дейінгі V ғасыр – біздің заманның V ғасыры кезеңіндегі Қазақстанның этносоциалдық тарихының мәселелері. Диссертация. Қолжазба. Анкара – Алматы, 1991. 32-33-бб.; Кудайбердыұлы Ш. Родословная тюрков, киргизов, казахов и ханских династий. А., 1990.

<sup>3</sup> Тарихнама – Ферғана шежіресі, 1983. 19-67-бб.

<sup>4</sup> Гумилев Л.Н. Поиски вымышленного царства. М., 1970. 37-б.

Ерте күнде отты Гүннен Гун туған,  
 Отты Гүннен от боп ойнап мен туғам.  
 Жүзімді де, қысық қара көзімді,  
 Туа сала жалынменен мен жуғам.  
 Қайғыланба, соқыр сорлы, шекпе зар,  
 Мен – Күн ұлы, жүзімде Күн нұры бар.  
 Мен келемін, мен келемін, мен келем,  
 Күннен туған, Гүннен туған пайғамбар, –

деуі де осыдан<sup>1</sup>. Қайран Мағжан осы біз келтірген бірінші шумақтағы «Гун» деген ұғымға текстің астына «гун» – деген түріктің арғы атасы» деп түсінік беріпті. Шығыстанушылар Н.А. Аристов пен А.Бернштамның ғұндарды түркі этногенезінің мәйегі деуі орынды-ақ. Оған дәлел, біріншіден, ғұндардың рулық құрамы (онұйғыр, отұйғыр, құтұйғыр, Асғұр, яғни Асқар) күн-ғұр, ел-ғұр, Бешғұр (Басқұр?), Ди-ғұр, Си-ғұр, Шон-ғұр, тал-ғұр, бәсен-ғұр, шен-ғұр, тай-ғұр, сал-ғұр, тоң-ғұр, ұлпан-ғұр, бәйті-ғұр, оқ-ғұр, бар-ғұр (бүгінгі Шанхай-Тибеттегі сары ұйғырлар тегі). Грек шежірелері ғұндардың V-VI ғғ. болгарларының барын көрсеткен. Болгарлар 300 жылдық хазар қағанатын (VIII ғ. екінші жартысы – X ғ. ортасы) құрды. Хазарлардың Тоғарма тарауынан – Оюр, Таурыс, Ауар, оғыз, ғұз, Бежал, Тарпа, хазар, Занур, болгарлар тарайды. Ғұз – қаңлы мен қыпшақтардың атасы. Екіншіден, Шәкәрім қажы қазақтардың «он-гүн» деген ру тамғасының сақталуын еске салады. Үшіншіден, Қытайдың Чжоу династиясының (XI ғасыр – б. д. д. 256) тарихында бір аяғы кесілген ғұн баласы мен көк бөрі қаншығынан түркілерді таратқан мифі берілген. Дәл осындай миф-аңыз Ергенекті найманның ру шежіресінің де желісі екенін естеріңізге сала кетейін. Әйтсе де түркі халықтарының төл атасы ғұндар екен деген сыңар-жақты пікір туындамаса керек. Сөз ғұндардың түркі халықтары тараған мәуелі бәйтеректің бір бұтағы екендігінде ғана. Олай болса, сол бір б.д.д. заманда сайын сахарада өрбіген түркі текті тайпалар, не оларға етене еніп кеткен манғыл, үнді, ирандық тайпалар жалғанды жалпағынан басып, алшысынан тұрып, егескеннің апшысын қуырып, топшысынан қағып, әлемдік өркениетте Қытай, Рум, Ахамендік Иран дәрежелес ел болды деген ғалымдарды қолдаймын.

**III. Түркі тектес тайпалар белесі.** «Түрік» деген этноним қытай жылнамаларында 542 ж. кездеседі (мұңғылша – тукюе – таудың бейнесін елестететін дулыға)<sup>2</sup> Қытайлықтар VI ғ. түркілерін сюннудің – ғұндардың бұтағы деп санайды. Мәселен, Қазақстанның батысында қоныстанған ғұндардың «Шанью» руының сыйынары «өгіз» еді, ол кейіннен 24 баулы оғызға айналды. Бұл бір дәуірде басы барды идірген, тізесі барды бүктірген, Қытаймен, Руммен (Византия) терезесі тең Түркі қағанаты

<sup>1</sup> Жұмабаев М. Шығармалар. Алматы, 1989. 50, 52-66.

<sup>2</sup> Плетнева С.А. Кочевники средневековья. М., 1982. С. 67.



(552-744), Еділ мен Қап тауының шығысында шаңырақ көтерген Хазар қағанаты, Шығыс Түркістан, Жетісу, Сырдария, Талас, Шу өңіріндегі Қарахан қағанаты, Сырдария мен Еділ арасын жайлаған огуз ұлысы, он екі тайпадан құралған өр Алтайдан, Ертістен - Еділге, оңтүстік Оралдан, Құланды даласын басып, Балхаш көлі Жоңғар Алатауына дейін мекендеген Қимек қағанаты, тағы басқа ұлыстар, қағанаттар - осылардың бәрі негізінен жергілікті түркі тектес тайпалар еді<sup>1</sup>. Олар сары сайран даланы өз ешкісінің терісінің пұшпағындай илеп, дәурен сүрді.

Сол бір заманның басты нәтижесі – қазақ топырағынан жаралған түркі тектес тайпалар, түркі текті ұлыстар адам баласының тарихына өшпес із қалдырды. Түрік қағанаты алғашқы феодалдық мемлекет еді. Бектер мен тархандар қара халықты – татыларды езді. «Татсыз түрік болмас, бассыз бөрік болмас» – деген мәтел сонда шыққан-ды. Түркілер әлемдік тарихқа көшпелі өркениетті берді. Ал алып даланы жарып өтетін Сырдария, Шу, Талас, Арыс т.б. өзендер алқабында қаз-қатар қонған Отырар, Тараз, Сығанак, Сайрам (араб географтарының айтуынша - Испиджаб), Асы, Құлан, Баласұған, Мерке, Сауран, Ордакент сияқты т.б. қалалар Еуропа мен Азия аралығындағы, Тарақты Ақселеу айтқандай: «трансконтинентальдық жол торабының үстінде бой көтеріп, жалпы адамзаттық дамуға баспалдақ болды». Көшпелілікті отырықшылыққа жалғастырып, екі құрлықтың қол жеткен нәтижесінен бірдей нәр алып өрбіген түркі елі шығыс пен батыс мәдениетін өзіндік төл тума өнермен жалғастырмады деп кім дау айта алар?

Дүниені дүр сілкіндірген Ескендірдің қалың қолын, атақты қолбасшы Дариды, арабтарды, қара құртша қаптаған қара қытайды, т.б. алып даланы басып кірген басқыншылар легін тек түркі тектілер ғана тоқтата алды. Көшпенділер кейін мұңғылдар қабылдап, одан әрі дамытқан әскери өнерді қалыптастырды, әскери демократияны, қалың елді билеу жүйесін енгізді. Еуразияның қақ ортасына ту тіккен ер түркі тайпалары батыс пен шығысты жалғастырды. «Ұлы жібек жолы» тек қана отырықшылардың өмір талабынан ғана емес, көшпенділердің де болмысынан туған-ды.

Бір сөзбен айтқанда, ер түркі тайпалары Еуразияның ең даласының төл перзенті санатында көк бөрілі байрақ астында емін-еркін өсіп-өнген. Сақтар, ғұндармен ілесе б. д. д. II ғ. белгілі дулат (деректерде - дулу), ұйғырлар, қимақ-оғыз, қыпшақтар, қырғыздар, қарлуқтар, түркі тектес басқа да тайпалар болашақ қазақ халқының негізін сол бір кезде осылай қалады. Біздің дәуіріміздің бірінші мың жылдығында қазақ сахарасының Оңтүстігіне Азияның терең қойнауынан тұңғыс тектес жужандар (аварлар), парсылар, арабтар, т.б. келгені де мәлім. Түркі тектес тайпалардың қалың тобыры оларды бойына сіңіріп, өз болмысын сақтап қалды. Белгілі

<sup>1</sup>Бахадур хан Әбілғазы. Шежіре түрк. Үрімші, 1963. 43-б.

түркі маманы Ғұбайдолла Айдаров VIII ғасырлық Орхон ескерткіштерінің тілін зерттей келе «Үш тулы түркі халқы» туралы сөз қозғайды<sup>1</sup>. Ал сол түркі тайпалары үстемдік еткен кезде табиғи-географиялық, саяси факторларға негізделген үш этнотерриториялық бірлестіктер (түргеш, қарлұқ қағанаттары, қарахан ұлысы, қимақ-қыпшақ, оғыз бірлестіктері) қалыптаса бастаған жүздер – үш тулы қазақ халқының сұлбесін көз алдыңызға әкеледі. Осы сәтте Мағжанның<sup>2</sup>:

Түркістан – екі дүние есігі ғой,  
Түркістан – ер түріктің бесігі ғой...

не болмаса Міржақып Дулаттың:

Арғы атам – ер түрік,  
Біз – қазақ еліміз, -

деген шумақтары жадына оралады.

**IV. Түркі тектес тайпалардан этностардың бөлініп, шығу кезеңі.** Қазақ тарихына бағыштай айтсақ, бұл оғуз-қыпшақ дәурені үстем болған белес. Заманамыздың X ғасыр шенінде Еуразия сахарасында сан тайпалардың жиынтығы болған тектерден (славяндардан, роман-германдықтардан, түріктерден т.б.) этностардан бөліну процестері басталды. Дәл осы тұста славяндар бөлініп, батыста орыс халқы қалқып шықты. Міне, осы кезеңде ұлы далада қыпшақ халқы қалыптасты.

Қыпшақ этнонимі туралы мәлімет (759 ж.) Селенгі тасында кездеседі<sup>3</sup>. Қыпшақтар туралы Жүсіп Баласағұн, Махмуд Қашқари еңбектерінде айтылған. Ал Рашид-ад-дин Оғыз (Өгіз) қаған шірік ағаш қуысынан қыспақта жатқан бала тауып алып, қыпшақ деп атады, – деп көрсетеді<sup>4</sup>. Құрбанғали Халидтің айтуынша, «мағынасын байқаған қыпшақ адам баласы дегенге саяды»<sup>5</sup>.

Л.Гумилев айтқандай, XI ғ. түркі супер-этнос санатында сөне бастады<sup>6</sup>. Осы шақта түркілердің бағына 92 баулы қыпшақтар тарих сахнасына шықты. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шежіресінде: «Күн батысы Сырдария, күн шығысы ұзын аққан Ертіс, оңтүстігі Жетісу, солтүстігі Еділ-Жайық, сол төрт судың арасы заман қадымнан бері Дешті Қыпшақ жайлаған, қыпшақ жұртының қонысы еді, сол қыпшақтан тоқсан екі ру ел таралды. «Қытай көп пе, қыпшақ көп пе?» – деген мақал болған себебі осы» – деп көрсетілген<sup>7</sup>. Ол «түркі» деген жинамалы этнонимді ысырып тастап, өзі

<sup>1</sup> Айдаров Ф. Орхон ескерткіштерінің тексті. 141, 179-66.

<sup>2</sup> Жұмбаев М. Шығармалар. 175-б. )

<sup>3</sup> Кляшторный С.Г. Кыпчаки в рунических памятниках. Л., 1986. 160-б.

<sup>4</sup> Рашид-ад-дин. Сборник летописей (Джами-ат-Таварих). М.- Л., 1953. Т. 1, кн. 1. 24, 90-66.

<sup>5</sup> Құрбанғали Халид. Тауарих Хамса. А., 1992. 64-б.

<sup>6</sup> Гумилев Л.Н. Древняя Русь и Великая степь. М., 1989. 55-б.

<sup>7</sup> Көпеев М.Ж. Сарыарқаның кімдікі екендігі. Қазан, 1907. 4-б.



супер-этносқа – басқа түркі тайпалардың бірден-бір ұйтқысына айналды. «Түркі» аты тозды да, «қыпшақ» аты озды. Барша әлем Азия халықтары ішінде ала бөтен қыпшақтарды таныды. XII ғасырда олар бүкіл араб, парсы, славян, роман-герман халықтарының үрейін ұшырған құдіретке айналды<sup>1</sup>. Ертістен Еділге, Шу мен Таластан Каспийге дейінгі біртұтас ең далада қыпшақ одағы үстемдігін жүргізді. Ежелгі Оғыз даласы Мафазат-ал-гуз (енді Дешті-и-Қыпшақ даласы атанды) 1055 жылы орыс шекарасына жетті. Кешікпей қыпшақ ұландары Еділден Донға, одан Днепр мен Днестрге өтті. Енді бұл кеңістікті орыс шежірелері Поле половецкое - Половецкая степь деп айтуға мәжбүр болды. 1071 жылы Кіші Азияны - Анадолыны жаулап алған қыпшақтар осман түріктерінің негізін қалады. Небәрі 30 жыл ішінде олардың қалың қолы ну Карпатқа, Дунайдың темір қақпасы мен Балқан тауға бір-ақ тірелді<sup>2</sup>.

Ұлы ақын Мағжанның «От» деген шығармасында:

Талай заулап ұшқанмын,  
Әлпіге барғам Алтайдан.  
Балқанға барғам Қытайдан, –

дегенде ғұндардан кейін Еуропаға заулап барған қыпшақтарды еске алса керек.

Қыпшақтар мен оғыздар, тохсы, ягма, окрак, нарух тайпалары, Махмуд Қашқаридің дәлелдегеніндей, ғажайып таза түркі тілінде сөйледі. Қыпшақ одағына кірген тайпаларға ол ортақ тілге айналды.

Тарихи әдебиетте қыпшақтарды болашақ қазақ этносының (прото-қазақ) өзегі деген ұғым кездеседі. Менің ойымша, бұл тұжырым әлі де дәлелденбеген. Шын мәнінде XI-XII ғғ. қыпшақ халқы қалыптасты. Оған негіз – ежелгі біртұтас ата қонысы, аралас-құралас енген түркі тектес тайпалар, ортақ тіл, қалыптасқан көшпелі, жартылай көшпелі тұрмыс, өмірге деген мәдени-рухани көзқарас, әскери демократия, ортақ жаугершілік қарекет – осының бәрі бірегей халықтық қасиеттерді, ортақ дүниетанымды тудырды.

Тарихи деректерге қарағанда, «қыпшақ», «қазақ» атаулары қатар шықты. Шыңжан тарихшысы Н.Мыңжани өзінің «Қазақ халқының қысқаша тарихында» «қазақ» атауының төркіні туралы тың деректер келтірген. Мәселен, парсы тілінде жазылған «Худ-уд-аль-ғалам» (әлем шекаралары) атты еңбекте «Алан елінде қасақ деген ұлыс бар» – деп жазылған<sup>3</sup>. Міржақып Дулат «Қазақ-қырғыздың ата-тегі туралы» атты

<sup>1</sup> Гордиевский В.Д. Государство сельджукидов Малой Азии // Избр. соч. М., 1960. Т. 1. 600-б.; Босворт К.Э. Нашествие варваров и появление турок в мусульманском мире // Мусульманский мир. М., 1981. 33-б.

<sup>2</sup> Расовский Д. Половцы. Прага, 1935. Т. 8. 182-б.

<sup>3</sup> Махмуд ибн Хусейн аль-Қашқари. Диван-ат-тюрк. Стамбул, 1915-1917. Т. 1, 3; Махмуд Қашқари. Девону лугатит турк. Ташкент, 1960, 1962. Т. II; Құрбанғали Халид. Тауарих Хамса. Алматы, 1992. 65-б.

еңбегінде Әбілқасым Фердоуси (940-1020) «Шахнамада»: «қазақ», «қазақ хандығы» деген ел Көк теңіздің (Арал теңізінің) солтүстігін мекен етіп тұрған күшті және көп санды ел», – деп көрсеткен. Византияның императоры Константин Парпиродный (905-959) өз жазбаларында: Қобаннан шығысқа қарай мекендеген елді «қазақия» деп атаған.

Араб саяхатшысы Мухамед әл-Ауфи 1228 ж. Үндістанда шығарған «Таңдаулы әңгімелер мен аңыздар жинағы» атты кітабында: «Алтайды мекендеген қарлықтар... тоғыз ұлысқа бөлінген, бұлардың ішінде үш тайпа чығыл, үш тайпа ұлыс қазақ бар» – деп көрсеткен. Орыстың «Повесть временных лет» атты шежіресінде князь Святославтың 968 ж., князь Мстиславтың 1022 ж. Қобан өзенінің оңтүстігіндегі қасақтармен соғыстары баяндалған. Осыған үндес деректер «Мұңғылдың құпия шежіресінде», «Батырлар жыры» мен «Бабалар шежіресінде» кездеседі. Қытай тарихшылары түрік қасаларының оңтүстікте Иранмен, шығыс оңтүстікте Хорезммен шектесетінін, хан ордасының Еділ өзені жағасында екендігін көрсеткен. Ендеше, хаса деген атаумен қытай шежіресі хазарларды айтып тұрғаны даусыз. Құрбанғали Халид «Тауарих Хамсада» көне қыпшақ дегендеріміз «хазар» (арабша – «қысық көз») – бұлғар екендігін еске салады<sup>1</sup>.

Шоқан «қазақ» деген сөзді «ер жүрек, батыр, батыл» сері (рыцарь) деп санаса, В.В.Радлов бұл ұғымды «тәуелсіз», «еркін, ерікті адам» деп мағыналайды. Шәкәрім қажы «Қазақ шежіресінде» «қазақ» дегеннің мағынасы «өз алдына ел болып жүрген халық» деген сөз деп таниды. «Қазақ» атауының төркіні туралы белгілі ғалымдар А.Н.Бернштам, А.Н.Самойлович, Н.Мар, Ә.Қайдаров, С.Аманжолов, С.Мұқанов, Ә.Марғұлан, Ә.Құрысжанов, М.Ахынжанов, Т.Жанұзақов, жазушылар О.Сүлейменов, М.Мағауин, Қ.Салғара т.б. қалам тартқанын атап кеткен абзал.

«Жоғарыдағы жазба деректер, – деп тұжырымдайды әріптесіміз Нығмет Мыңжани, – қазақ атауының тарихи деректемелерде тарихи шығуының ерте екендігін дәлелдейді. Алайда қазақ атауының тарихи деректемелерде жарыққа шыққанымен халық атына айналған емес, ол алғашқыда жеке ру, тайпаның аты ретінде жарыққа шыққан. Одан соң тайпалар одағының атына айналған. Мысалы, Кіші жүз Алшын ұлысының құрамындағы жеті ру (кердері, керейіт, тама, табын, жағалбайлы, телеу, рамадан) тайпалары «қарт қазақ» деп те аталып жүрген. Қазақ атауы кейін келе кеңейіп халық атына, ұлт атына айналған»<sup>2</sup>. Мен осы Н.Мыңжани әріптесімнің салиқалы пікіріне қосыламын. Менің Н.Мыңжаниға қосып айтарым, қазақ, қыпшақ атаулары қатар шықты. Ол тарихтың бір белесінде қыпшақ одағына кірді

<sup>1</sup> Валиханов Ч. Ч. Собр. соч. в 5 томах. Алма-Ата, 1985. Т. 2. 152-б.

<sup>2</sup> Мыңжани Н. Қазақ халқының қысқаша тарихы. Үрімші, 1983. 18-32-бб. Қараңыз: Агаджанов С.Г. Очерки истории огузов и туркмен в Средней Азии IX-XIII вв. Ашхабад, 1969. 136-б.



де, сол сәтте жалпы түрік тайпалары сияқты қыпшақ тонын жамылып жүре берді. Қазақтың қалың тобы қыпшақпен етене қабаттасып барлық туысқан этностардың – ноғайлардың, башқұрттардың, өзбектердің, түркмендердің, қырғыздардың, болгарлардың, татарлардың, мажарлардың, Қап тауы халықтарының құрамына енді. Сол заманда Қашқарда қырғыз-қыпшақ (Манастың атасы Қарқара қыпшақ) Қоқан, Марғилан, Ош жағында қытай қыпшақ, сары қыпшақ шықты. Қыпшақтанушы Б.Көмековтің дерегі бойынша, «Данишке-де-и Манкул у Манкул» деген қолжазбада «Билял бин Жабраил бин Мұхамед Али ат түркмани ал қазақи» хиджраның 660 ж. (1262) – деп жазылған. Ендеше, Хорасанда ата-тегі қазақ аталған түркмендер болған. «Қазақ» атауының даңқы қыпшақ одағы әлсіреген – қыпшақтан қазақ, ноғай, өзбек, башқұрт т.б. болып бөліне бастағанда ғана әйгілі болды. Елін, жұртын тастап, өзі бағытын іздеушілер басқа халықта да кездеседі. Мысалы – арабтарда X ғасырдан бастап ондайларды салук, Батыс Европада – викинги, орыстарда – бродники деп атаған. Ұлы Шоқан «Шейбани-намеде»: «Ана мырза мына мырза баһадүр қазақылық (казачество) жасаумен елге танымал» – деп жиі айтады дей келіп, бұл ұғымның өте құрметті, әрі құдіретті – шын мәнінде рухы жоғары еуропалық рыцарьлыққа – серілікке тән қасиеттері бар екендігін атап көрсетеді. Академик А.Н.Самойлович бұл терминді XI ғ. пайда болды деп жобалайды. «Қазақ» атауын орыс кезбелері, еріктілері иеленгені мәлім. Академик Н.А.Баскаков «қазақ» атауының орыс тілінде тұңғыш рет 1395 ж. жазылғанын көрсетеді. Псков шежіресі Рязань казактары туралы 1444 жылдан, Н.М.Карамзин Украина казактары туралы 1517 ж. деректер бар деп мойындайды.

Сырдария мен Еділ арасы «Огуз даласы» – огуз ұлысы IX-XI ғғ. басы Махмуд Қашқаридың дерегі бойынша 24 баулы елден тұрды. 999 жылы 2 мың түтінді түрік тайпасы исламды қабылдап, өздерін түркиман атады<sup>1</sup>. Сөйтіп түркі тектес огуздар түркмен этносының (түркмененд түркіге ұқсас) негізін қалады<sup>2</sup>. Түрікпендер өгіздердің сегіз арыс «Боз оқ» (Бызык) тайпасынан бөлінеді. Қазақ шежіресіндегі «Сегіз арыс түрікпен кеткен алыс» – деген сөз содан қалды.

Тарихи деректерде оғыздардың VIII ғ. тоғыз оғыздарға бөлінгені кездеседі. Шежірелерді талдау жасай келе С.Аманжолов, Ә.Марғұлан, С. Ахынжанов, Ә.Қасенов сияқты ғалымдар тоғыз оғыздың тоғыз таңбалы найман (оғыз-найман): бағаналы, шегелі, балталы, қаракерей (жарғақ, жармауыт), садыр, матай, тортуыл, көкжарлы, сарыжомарт, бура рулары екендігін дәлелдейді. Ендеше, түркмендердің этногенезіне жаймауыт-

<sup>1</sup> Агаджанов С.Г. Средневековые этнонимы названия «туркмен» // Проблема этногенеза туркменского народа. Ашхабад, 1977. 19-б.

<sup>2</sup> Хасенов Ә. Тоғыз оғыздар кім еді? // «Қазақ әдебиеті», 1992. 20 наурыз.

наймандардың да қатысы бар. Құрбанғали Халидтың «Тауарих Хамсасы» көне қыпшақ дегендеріміз хазар – бұлғар екендігін еске салады<sup>1</sup>. Мұхамеджан Тынышбайдың айтуынша, жужандар (аварлар) IV-VI ғғ. ғұндармен араласып, хазар, бір бөлігі бижнек (бирендей, қарақалпақ) аталды. Қазақ халқының қалыптасуына керейлер мен наймандар, арғындар үлес қосты. Әбілғазы Рашид-ад-дин керейді «қара» деген ұғым деп түсіндіреді<sup>2</sup>. Н.Аристов болса, бұл атты Саянның солтүстігінен ағатын Оде өзенінің «Керей» деген саласына саяды. Аманжол Әбіл керейді Керулен өзенімен байланыстырады («кер» – көне түрік тілінде «өр», «маңғаз», «сабаз» деген ұғымды береді). Керейлер X-XII ғғ. Орталық Азияда іргелі мемлекет көтерді. 1203 ж. Шыңғыс ханнан жеңілгеннен соң іргесі сөгілді. Оның саха, дуба бөлімдері Алтай сахарасында тува, хакас, сахалардың негізін салды. Қалың керей мұңғылдарға қосылды. Керейдің бір тармағы Батыс Сібірде Орта Ертіс, Тобыл, Ешім, Тура бойына келіп, түрік тайпаларының басын біріктірді. Тайбұға хан «Сібір шежіресінде» көрсеткендей, Чимга-Тюмень қаласының іргесін көтерді. Кейін Төмен патшалығы Жошы ұлысына енді. Сегіз оғыз одағын құрған – наймандар (Найман-Катон өзенінің бір саласы) VIII ғ. ортасында Жоғарғы Ертіс-Орхон, ал қырғыздарды қосып алғаннан кейін Хангай-Тарбағатай өңірін жайлады. Мұңғылдар елді ұлысқа бөлуді, әскерді ондыққа, жүздікке, мыңдыққа, түменге бөлуді наймандардан үйренді. VIII ғ. басында Шыңғысханнан жеңілген наймандардың бір бөлігі Жетісуға көшті, бір бөлігі Қара Ертіс бойында қалды, қалғандары керейлер, меркіттер сияқты алтай, ойрот құрамына енді. Қорыта айтқанда, қыпшақ атауымен халық болып танылған қазақ барша түркі әулетінің қара шаңырағы болды. Еуразияның қос құрлығында тарихтың күдіретті төріне бір-ақ шықты. Шежіреші ақын Мағжанның:

Көп түрік енші алысып тарасқанда,  
Қазақта қара шаңырақ қалған жоқ па? –

деуі осыдан.

**V. Мұңғыл үстемдігі.** Қазақ этносы өзінің дамуын бір сәт толастатқанмен мұңғыл дәуірі бұл процесті тоқтата алмады. Мұңғыл империясы барша қазақ жерін біріктіріп, оң қанат (Батый – Алтын Орда, Орта (Шейбани, Әбілқайыр) – Көк орда; сол қанат (Орда Ежен) – Ақ Орда – болып ту тікті. Қыпшақ этносына керей мен найман, онғыт пен барғы, қоңырат пен меркіт сияқты тайпалар қосылды. Аз ғана уақытта татарлар қыпшақтармен қандасып кетті. Тарихшы әл-Омари айтқандай, «олардың бәрі аумаған қыпшаққа ұқсады». Жошы мен Шағатай ұлыстарында не бәрі 4 мыңнан ғана әскер қалды. Ал Алтын Ордада 200 мың атты әскердің

<sup>1</sup> Құрбанғали Халид. Тауарих Хамса. Алматы, 1992. 65-б.; Ахинжанов С.М. Кипчаки в истории средневекового Казахстана. Алматы, 1991. 32-б.

<sup>2</sup> Рашид-ад-дин. Сборник летописей. М.-Л., 1952. Т.1. Кн.2. 275-б.



Шыңғыс қолымен келгендері (маңғыт пен чжур-жэндер) не бәрі 2000-ақ ұлан болатын. Олай болса, ежелгі қыпшақ даласы оларды бойына сіңіріп, балқытып жіберді. Бұл түсінікті де, Дешті қыпшақ даласын жайлаған түркі тайпаларының мәдениеті шапқыншылардан жоғары еді. Түркі тайпалары шапқыншылықтан ес жинап, мұңғыл империясы дәуірінде бүкіл Еуропаға дәуренін жүргізген елдің құрамы бөлігінде басы бірігіп, рулық-тайпалық шеңберден шығып, халықтық сана биіктігіне қайтадан көтеріле бастады. Мұңғылдардың қыпшақтарды қатты қырғанына қарамастан, ең далада еркін өскен өжет, өрен далалықтардың этно-мәдени бірлігі, ғасырлар бойы қалыптасқан қыпшақ халқының тұтастығы, ата-тегінен келе жатқан қасиеттері сақталды. Жеті атасына дейін қан араластырмай, ата-баба салтын, дінін, ділін, тілін сақтап қалған қыпшақ елі мұңғыл шапқыншылығы сынынан да өтіп, мың қырылып, мың бірінші рет тағы тірілді.

**VI. Қазақ халқы, мемлекетінің дәурені.** Алтын Орда құлап, ежелгі түркі Дешті қыпшақ даласында өзбек, ноғай хандықтары пайда болды. Өзбек хандығына – Жошының Шейбани баласының тұқымы Абылқайыр өктемдік етті.

Мұхаммед Қайдардың «Тарихи-Рашиди» атты еңбегінде көрсетілгендей, 1465-1466 жылдары Жошының Тоқай-Темір атты баласының ұрпақтары Жәнібек пен Керей сұлтандар Өзбек хандығынан бөлініп, ат құйрығын шорт кесіп, Моголистандағы Шудың солтүстік қапталында Қозыбасы деген жерге Қазақ хандығының ордасын тікті. Шоқанның айтуы бойынша, 92 тайпадан тұратын Өзбек хандығы екі жарылды<sup>1</sup>. Шындығында 92 баулы қыпшақ болатын. Жартылай отырықшы тайпалар өзбек хандығына, көшпелі тайпалар қазақ хандығына ойысты. Шал ақынның:

Тоқсан баулы өзбек айырылыпты,  
Таңбалының моласы деген жерде, –

деуі осыдан<sup>2</sup>. Шын мәнінде бұрынғы қыпшақ халқы супер-этнос ретінде қайтадан өзбек, қазақ, башқұрт, ноғай болып бөлінді: «Өзбек өз ағам, сарт садағам», не болмаса: «Өзбекте бар иманым, тәжікте бар күмәнім» деген сөздер сол кездердің куәсі. Әбілғазы шежіресінде көрсетілгендей, тұңғыш ханымыз Әз-Жәнібек Еділ мен Жайық арасындағы ноғайлар ордасымен одақтасты. Құрбанғали Халид «Тауарих Хамсада»:

Тегінде ноғай, қазақ түбіміз бір,  
Алтай, Ертіс, Оралды қылған дүбір, –

десе<sup>3</sup>, қазақ поэмаларында екі орданың ынтымақ өмірі «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман» болып суреттеледі. «Ноғай, қазақ бір кісі» –

<sup>1</sup> Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. Алма-Ата, 1985. Т. 2. 165-б.

<sup>2</sup> Бес ғасыр жырлайды. Алматы, 1984. 174-б.

<sup>3</sup> Құрбанғали Халид. Тауарих Хамса. Алматы, 1992. 111-б.

деген мәтел сол кезден қалды. Құрбанғали Халид: «Алаш, Алаш» дегенде қазақ, ноғай бір болып, сарт сыртта қалды» – (сарт-сырт, бөлек, тысқары) дейтін мәтелдердің, «қазақ пен ноғай айырылды, қазақ сартқа қайырылды» дейтін жырлардың, «Ел айырылған» күйлерінің туатыны сол бір шақта.

Жүз мың ноғай бөлінгенде,  
Орманбет би өлгенде,  
Ордың қара орманы өртенгенде, -

деп дала күйшісі Баян жырлаған кез осы сәт болатын. Бір жағы Днестрге, бір жағы Еділге созылған, бір шеті Кавказға, бір шеті Оралға тірелген Ноғай ордасы 1556 ж. орыс империясының құрығына ілікті. Он сан ноғай тоз болды. Бір бөлігі Қобанда, бір бөлігі Кіші жүзде, енді бір бөлігі өзбекке сіңді. Шора батыр жырында:

Қазанды кәпір алды деп,  
Қазақ шығып барамын, -

деп, яғни еркіндікке кетіп барамын деген сөз сол бір кезде қалған-ды. Есім ханның кезінде Алты Алаш – қазақ үш жүзі, ноғай, башқұрт, өзбек (кейін үш жүзге қырғыздар қосылуы – төрт Алаш) – бірігуі де қандастықтың айғағы болса керек. Қожаберген жырау (1663-1763) «Баба тіл» атты дастанында:

Қазақ, ұзақ, созақ пен  
Башқұрт, қырғыз, татарлар  
Бір қауым боп біріккен...  
Көсемінен бата алған, -  
Алты алаш боп атанған, -

деп жырлайды. Ұзақ – ноғайдың, созақ – қарақалпақ халқының көне аттары, Қожаберген жырау қазақ, ұзақ, созақ, башқұрт төртеуін таза алаш деп бөледі де, қырғыз бен татарды кейін қосылды дейді.

Еліміз Алаш,  
Керегеміз ағаш, -

деген ұғым сол кезде қалыптасқан-ды. Қаз дауысты Қазыбектің «Бүтін билікке Төле жеткен, бүтін хандыққа Есім жеткен», – деуі осыдан. XV ғ. аяқ шенінде қазақ хандығына Жетісу одағының тайпалары да қосылды. Осы тұста ноғай ордасынан алшындар, қарақалпақ пен қырғыздардың бір сыдырғы тайпалары қазақ хандығына енді. Әз-Жәнібек, Қасымхан қазақ даласын қайта біріктірді. Қазақ халқының саны жарты ғасыр ішінде 200 мыңнан 1 миллионға жетті. Шоқанның айтуы бойынша, Қасымхан 300 мың ұланды атқа мінгізе алады екен. Ақназар хан заманында қазақ елі Еділ мен Жайықты жайлап, Қызылқұм мен Шу, Сыр бойын көсіле қыстай бастады.

Жазушы Әбіш Кекілбайдың «сөйтіп, бір жарым ғасырдай уақытқа созылған процесс тамамдалды. Бұрын бір Одақта ұзақ уақыт бірге болмаған, бір-біріне бағынбаған үш мемлекеттің құрамында жүрген тілі

бірдей, діні бірдей, тұрмыс-салты, шаруашылық үрдісі бірдей көшпелі тайпалардың жаңа саяси Одаққа бірігуі атақты Ақназар ханның тұсында тиянақталды» – деген тұжырымы дәлелді<sup>1</sup>.

Қазақ шежірелерінің бірінде үш жүзге бөліну Майқы биден басталады. Ал бұл тұлға Шыңғыс хан заманасында өмір сүрген. Шежірелердің кейбіреулерінде бұл құбылыс Әз-Жәнібек кезінде болды делінген. Менің ойымша, үш жүздің қалыптасуы ғасырлар бойы жүріп жатты. Жүздердің негізі табиғи географиялық факторға сай көшпелі өмір қаракеті, ғасырлар бойы үш аймақта ту көтерген мемлекеттік дәстүр, қалыптасқан салт-сана, ру-тайпалық байланыс болса керек. Мен онымен қатар географиялық фактордың ролін ерекше атап кетер едім. Жүздер бас бостандығы, ата мекенін, жері мен малын өмірбақи қорғады. Ал этнотерриториялық бірлестіктер-жүздіктер Отан қорғау мүддесіне де сай келді. Ортақ тіл, Қасым хан салған қасқа жол, Есім хан салған ескі жол, Тәуке ханның жеті жарғысы, бүкілхалықтық құрылтай, хан сайлау, жылдық миграция жолын бекіту – осының бәрі біртектілікті, тұтастықты, баршаға ортақ заңдылықты, әдет-салтты іске асырды. Тіпті үш жүз Ресей құрамында бөлшек-бөлшек болған кезде де сол бүкілхалықтық тұтастық сақталды. Жазушы Әбіш Кекілбайдың қазақтың Әз-Жәнібек – Ақназар бастаған хандары елді үш жүзге бөлген жоқ, «Үш тарап үш ұлысты ағалы-інілі үш туысқан бастаған, үш жүз деп жариялап, бастарын қайта қосты» деген пікірі ғылыми дәлелді деп білемін.

Бір сөзбен айтқанда, суперэтнос қыпшақ халқы үш ғасыр бойы мұңғыл тектес тайпаларды бойына сіңіріп, енді өзінің ұлы шаңырағынан қазаққа, өзбекке, ноғайға, башқұртқа т.б. түркі тектес халықтарға енші берді. Бұрынғы қыпшақ халқы болып біріккен үш туды этнотерриториялық ел үш жүзден тұратын қазақ халқы болып туды осылай көтерді.

Қазақ хандығымен қатар Шыңғысхан ордасының сол қанаты түркі тектес салт атты көшпенділер – Жоңғар (ойрот) мемлекеті ірге көтерді. Ресей дүниеге келген Алтын Орда орнында Қырым, Қазан, Астрахан, Сібір хандықтарын алма-кезек жаулап алды. Сөйтіп, біздің сахараның шетінен бір-ақ шықты. Бірінші Петр «Азияның кілті мен құлпы» санаған қазақ сахарасының ертелі-кеш Ресейге қосылуы, бодан болуы осылай мемлекеттік саясат дәрежесінде қалыптасты. Жоңғар мемлекетінің Торғауыт, Дүрбіт, Хошауыт сияқты тайпаларына Еділ бойынан қоныс берді. Қос бүйірден екіге бөлінген Жоңғар-қалмақ Ресейдің, одан қалды Қытайдың айдауымен қазақ даласына 1607-1750 жылдар арасында үздіксіз ойран салды. Қожаберген жыраудың «Елім-ай» дастанында:

Торғауыт, жоңғар, ойрат бәрі қалмақ,  
Орыстар мен қытайлар қойған жалдап,

- десе, Мағжан «Батыр Баян» поэмасында

<sup>1</sup> Үш пайғамбар. Алматы, 1992. 133-б.



Алыстан орыс, қытай – ауыр салмақ,  
Жақыннан тыншытпайды қалың қалмақ.  
Артында - ор, алдында - көр, жан-жағы - жау,  
Дағдарған алаш енді қайда бармақ? –

деп жырлауы осыдан болатын.

XVII-XVIII ғасырлардың қаһары қазақ елінің шымбайына батты. Абылай ханның айтуы бойынша, «XVIII ғ. басындағы 40 жыл ішінде халықтың үштен екідейі қырылды». Шәкәрімнің «Қалқаман - Мамыр» поэмасында «үш есенің екеуін қырып салды» – деуі осыдан. Осы тарихи кезеңде қазақ халқының тарихи сахнадан құрып кету қаупі ғажап та емес еді. Ел басына күн туды.

Міне, осы тұста қазақ халқы бірліктің керегін түсінді. «Дауға барсаң бірің бар, жауға барсаң бәрің бар» деген мәтел сол бір кезде айтылса керек. Топ ішінен суырылып сөйлейтін шешендер, көпті бастар көсемдер, ту ұстар батырлар сол тарихи кезеңде айбынды елдің айдынды азаматын іздеді, ал ол болса «жыртылғанға жамау, шаршағанға демеу», «қалың елдің ары, жау-дұшпанның кәрі, ауырғанға дәрі, өз елінің нәрі» болуы шарт еді. Дәл осындай ел тілегінен шыққан елдің елеулісі, халықтың қалаулысы, жасынан жетім қалып, үйсін Төле бидің түйесін баққан Әбілмансұр (Абылай) болды. Ол халық алдына үш бірдей мақсат қойды. «Бірден, өз алдына ерікті ел болып, өзін-өзі меңгеру; екіншіден, ата қонысына жайғасып, бейбіт еңбек етіп, шаруашылығын шалқыту; үшіншіден, бір ауызды ынтымақты болып, Отанын, елдігін қорғау».

Қазақтың білгір басшысы, елінің қорғаны, әлемдік тарихтың төрінен орын алатын алып қайраткер Мағжан айтқандай, «алты алаштың Абылайы» үш жүздің ақылгөй билерін, дана шешендерін, жаужүрек батырларын жинап, хандық билікті, даналықты, қаһарман халық күшін біріктірді, қазақты бүкіл Еуразияда қуатты мемлекет дәрежесіне көтерді. Міне, осы сәтте желкілдеген ту көрініп, жер қайысқан қол келіп, қазақ еліне жау ойран салғанда, Бұқар баба айтқандай, «Қиядан қиқу төгілсе, аттың басын тартпаған, қисапсыз қол көрінсе, қорқып жаудан қайтпаған, батыр шыққан даңқыңнан, қазақ деген халқынан»<sup>1</sup>. Бүкілхалықтық құрылтайларда тайпалардың, жүздердің көкейтесті ой-тілектері барша халықтық мүддеге қабысты. Үш жүз біртұтас халық болып қауышып, ынтымақ-бірлік туы астында табысты. Шын мәнінде, осындай барша халықтық жиындар сол заманға лайық парламент болатын. Ерлік ұранымызға, бірлік құранымызға осылай айналды. Ел басына күн туған кезеңде ұлттық сана қалыптасты. Тәуке ханның «Жеті жарғысы», Ұлытауда үш жүздің өкілдері қол қойған «Таңбалы тас» шын мәнінде қазақтың тұңғыш конституциясы болды. Қазақ бүкілхалықтық мүддені түсінер – іргелі ұлт санатына осылай жетті. Ол ұлт, ол халық қандай? – деген сауалға Қаз дауысты Қазыбек бабамыз

<sup>1</sup> Бес ғасыр жырлайды. Алматы, 1984. 1-т. 92-112-бб.

қазақ пен қалмақ келіссөзі кезінде былай деп жауап берген-ді: «Біз – қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан елміз. Ешбір дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөзді асырмаған елміз. Досымызды сақтай білген елміз, дәм-тұзды ақтай білген елміз. Атадан ұл туса, құл боламын деп тумайды, анадан қыз туса күң боламын деп тумайды. Ұл мен қызды қаматып отыра алмайтын елміз. Сен қалмақ болсаң, біз қазақ, қармасқалы келгенбіз, сен темір болсаң, біз көмір – еріткелі келгенбіз. Қазақ, қалмақ баласы табысқалы келгенбіз. Танымайтын жат елге танысқалы келгенбіз, танысуға көнбесең, шабысқалы келгенбіз. Сен қабылан болсаң, мен – арыстан, алысқалы келгенбіз. Жаңа үйреткен жас тұлпар жарысқалы келгенбіз, тұтқыр сары желіммін, жабысқалы келгенбіз. Берсең жөндеп бітімінді айт, не тұрысатын жерінді айт!» – депті.

Осы бір монологтан ұлттық қасиет, ұлттық мақтаныш сезім, «елім» деп еңіреген, «халқым» деп қайысқан, «Отаным» деп жанын құрмалдыққа шапалар қазақ халқының ұлттық деңгейі көрініп тұрған жоқ па, бауырларым!

**VII. Отаршылық бұғауында.** Шексіз монархиялық билік, индустриалды-урбандылық даму, әлемдегі сауда-саттық, әскери өндірісте өктемдікке талас Ресейді сыртқы жаулау саясатына итермеледі. XVI ғ. Шығыстағы мұсылман елдерін жаулап алып дәнiккен отаршыл Ресей бұл саясатты мәңгілікке ұластырмақ болды. Ресейдің отаршылдық саясаты әскери күшке, босқын орыс, украин қарашекпенді мұжықтарын легімен қазақ жеріне көшіруге, сауда-саттық қатынасқа негізделді. Батыс отаршылдарынан Ресей отаршылдарының бірнеше өзіндік өзгешелігі болды. Біріншіден, Ресей отарлық бұғауды қотандас халықтарға салды. Екіншіден, ол отар елге қоғамның небір азғын, шеттен шыққан топтарын үзбей жіберді, елді, халықты нашақорлыққа, сатқындыққа, екіжүзділікке итермеледі, жұқпалы ауруларды таратты. Үшіншіден, орыс елі отар елге ендеп, бойлап, Астрахань, Орал, Сібір, Жетісу сияқты жерлерге әскери шептерін салып, қоршап алды. Төртіншіден, отар елге өзінің езгісі аздай, Ресей кәсіпкерлері шетелдік шонжарлармен ауыз жаласты.

Кейбір ғалымдар Әбілқайыр Ресейге өз еркімен бодан болды дегенді бетке басады. Шын мәнінде, бұл іс қанды Жармақ (Ермак) жорығынан бастап бағдарланды. Ерте ме, кеш пе қазақ елі Ресейге қалайда қосылуы ақиқат болатын. Әбілқайырды осындай шешім қабылдауға орыс мемлекетінің ғасырлық саясаты мәжбүр етті.

Орыс елі Қазақ елін 1731 жылдан емес, 1580-ші жылдардан бастап шапты. Өйткені Жармақ жаулап алған Ібір-Сібір жұртының халқы негізінен қыпшақ, арғын, қаңлы, найман, жалайырлардан тұратын<sup>1</sup>. Осы

<sup>1</sup> БСЭ. М., 1975. Т. 23. 337-б.

кезде этнос болып қалыптасқан башқұрт, бұлгар, өзбек, кара-қалпак, қазақ халықтарының құрамына ғалым Р.Кузеевтің деректері бойынша 100-ден аса біртекті ру-тайпалар енген-ді. Олардың бір шеті сол Ібір-Сібір жұртынан басталатын. Ал Көшімнің өзін орыс тарихшылары А.И.Левшин, Фишер, П.Небольсин қазақ деп таниды. Көшімнің баласы Қанай Сауранда патша болды. Жармақтан қашқан Көшімхан Қорғалжын көлі, Нұра өзені бойындағы елді паналады. Ендеше, қазақ елінің Ресейлік отарлық бұғауға іліге бастағанына 400 жыл болды. Қазан төңкерісінің алдында Дала өлкесі халқының 42% орыс болды. Хандық билік жойылды, қазақ елі орыс мемлекетінің губернияларының құрамына енді. Қазақ елінің бір бөлігі – Бөкей ордасы Нарын құмына резервацияға айдалды. Енді әскери отаршылар қазақ елін жағалап емес, оның жүрегінен, кіндігінен, қолқасынан ойып, шұрайлы жерлерін тартып ала бастады. Орынбор өлкесінде қоныстанған 553 мың, Оралда 235 мың, Сібір шебінде 164 мың, Жетісуда 59 мың қазақтар қанды семсерін қазақтың үстіне төндірді. Қазақ елі 45 млн. десятина құнарлы жерінен айырылды. Қазақ халқының басына күн туды. Оның бір елі мұңғыл, екінші бір қанаты шекараның арғы беті Қытай қол астында қалды. Қазақ елі тоз-тоз болды. Халқымыздың ұлы патриоты Мұрат ақынның:

Еділді тартып алғаны –  
 Етекке қолды салғаны.  
 Жайықты тартып алғаны –  
 Жағаға қолды салғаны.  
 Ойылды тартып алғаны –  
 Ойындағысының болғаны.  
 Маңқыстауда үш түбек  
 Оны да алғаны.  
 Үргеніш пен Бұқараға  
 Арбасын сүйреп барғаны  
 Қоныстың бар ма қалғаны?! –

деп бордай егілуі, аққан селдей төгілуі осыдан<sup>1</sup>. Ұлы Мұхтар Әуезов айтқандай, халықтың елдігін жоғалтып бара жатқаны «...қазақтың бесігіндегі баласының көзіне де елестегендей болды». Сонау XVI ғасырдың аяғынан 1916 жылға дейін 300-ге жуық ұлт-азаттық көтерілістері өрбіді. Тарих сахнасында Сырымдай, Махамбеттей, Кенесарыдай, Садықтай, Есеттей, Байзақ датқадай, Жанқожадай, Амангелдідей, Бекболаттай айбынды да айдынды, қаһарлы да қайырымды, тегеурінді де екпінді, сүйікті де сүйкімді, қайғылы да мұңлы сегіз қырлы, бір сырлы ұлт-азаттық қозғалысының көсемдері шықты.

Ұлт-азаттық қозғалысының ішінен хан Кене бастаған көтеріліс пен 1916 жылғы көтерілісті жеке атап өтер едім.

<sup>1</sup> Мұрат ақын сөздері. Ташкент, 1924.



Хан Кене хандық билікті қалпына келтіремін деп күрес бастағанда атасы Абылай, әкесі Қасымның жолын қуды. Ол қазақ елінің егемендік, біртұтастық жолы болатын. Дәл тарихтың осы кезеңінде ғасырлар бойы қалыптасқан көшпелі өркениет өзінің өрісінен айырылды, қанаты қайырылды. Ендеше, хан Кене тек жер үшін емес, бүкіл бір өркениетті қорғаушы санатында танылуы керек. Өзі батыр, өзі ұлан, өзі сардарбек, өзі хан, өзі көсем, өзі шешен, өзі жеке-дара дана туған, қара басының қамы емес, қара қазақтың ары үшін, намысы үшін, бостандығы үшін, тәуелсіздігі үшін күрескен алып тұлға көз алдыңызға екінші Абылайды елестетпей ме?

Кеңестік тарихнамада 1916 ж. ұлт-азаттық қозғалысты тек Ресей топырағынан туындататынбыз. Шын мәнінде, ол ғасырлар бойғы ұлт-азаттық күресінің жалғасы, әрі оның биік шыңы болатын. Бұл ұлы азаттық соғысы барысында қалың ел жапа-тармағай атқа қонды, хандық билік жүйесі қалпына келтірілді. Дүрліккен қазақ елін басу үшін патша үкіметі бүкіл Орта Азия мен Қазақстанды жаулап алуға жұмсаған қарулы күштен артық әскери экспедициялар жасақтады, қарашекпенді мұжықтарға қару үлестіріп, мұсылмандарды қыруға христиандарды ресми түрде шақырды. Бүкілхалықтық сипаты бар, қаһарлы да зәрлі, мұңлы да зарлы әуенге толы сол бір жыл қазақ халқының ғұндардан қалған, түркіден қалған, қыпшақтардан қалған бостандық сүйгіш қаһарман халық екендігін, қылыш-найзамен зеңбірекке шапқан қайран ерлердің дәрменсіздігін көрсетпеді ме? Міне, сол дүрбелеңде қазақ халқы шет елге тағы да босқын болмады ма, ағайын!

Ендеше, 1916 ж. қазақ сахарасынан туындаған империяға қарсы ұлттық-азаттық соғыс деп танылуы абзал. Ол халқымыздың ХХ ғасырдағы қуанышы мен трагедиясының қайнар басы болатын.

XIX ғ. екінші жартысы – ХХ ғ. бірінші ширегінде Шоқан, Абай, Ыбырай озық елдер қатарынан қалыспауға, білімге шақырса, Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсын, Міржақып Дулат, Әлихан Ермек, Мұстафа Шоқай, Мұхамеджан Тынышпай, Мағжан Жұмабай, Мұхамеджан Сералы сияқты Алаштың туын көтерген реформатор ұлдар ұлттың санасын оятты, елім деп еңіреді, халық деп қайысты, құрығы ұзын ақ патшамен де, билікке таласқан даукес большевиктермен де сайысты. Демократиялық күрес әдісімен саяси және мәдени автономия үшін күресті. Ғасыр басында «Көзінді аш, оян, қазақ, көтер басты», – деп басталатын Міржақып Дулаттың «Оян, қазағы!» күрес әліппесіне айналды.

Сол шақта қазақ халқының ұлы перзенттерінің бірі Ахмет Байтұрсынның:

Қазағым, елім!  
Қайқайып белің,  
Сынуға тұр таянып,

Талауда малың,  
Қамауда жаның,  
Аш көзінді оянып! –

деген жалынды үндеуі түйсігі бар қазақты дүр сілкіндірді. Халық алдында, алаш алдында ары таза жандар, ерен еңбегі бар қаһармандар осылардай-ақ болар!

### **VIII. Қазақ халқы совет империясының уысында.**

Бұл бір 70-тен астам жыл ғажайып шытырман қайшылықтарға толы жылдар болды. Бір жағынан халқымыздың басына кеңестік «ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» туған жылдар. Тек 1921-1922, 1931 -1932 жылдарғы аштықтарда үш миллионға жуық адам қырылып, халқымыз құрып кетудің аз-ақ алдында қалды. Сол бір жылдары қазақ халқы тағы да босқындыққа ұшырады. Бұл күнгі қытай, ауған, мұңғыл, ирак, түркі елдерінде жүрген ағайындардың 400 мыңға жуық ата-бабалары күштеп коллективтендіру, тәркілендіру кезінде босып кеткен-ді. 30 мыңнан астам асыл ерлер кінәсіз атылды, мыңдаған жандар кеңестік лагерьлердің тозағынан өтті. Екінші жағынан, халық білімге, өнерге құнықты, Қаныштай, Мұхтардай, Жүсіпбек Аймауыттай, Бейімбеттей, Ілияс Жансүгірдей, Ғабиттей, Сәбиттей, Марғұландай, Күләштай, Қасым Аманжолдай, Мұқан Төлебайдай, Санжар Асфендиярдай алып перзенттерін шығарды. Бауыржандай, Талғаттай, Мәншүк пен Әлиядай, Ыбырай Жақайдай батыр ұл-қыздарын танытты. Қазақ ұлттық академиясы, академиялық театрлары, университеттері бар елге айналды. Осымен қатар оның басына дінінен, тілінен айырылу қатері туды. Жері полигонға, лагерьлерге толды, үйінің іргесіне дейін қарс айырылып, топырағы тозды. Еліміз киелі Аралдан ажырады. Қазақ елінің қалың қойны толған байлығына қызыққан отаршыл орталық осы тұста еліміздің кенді, дәнді алқабын, жылы-жұмсағын аямай-ақ сорды. Өз елінде қазақ жатақ болып, азшылыққа айналды. Көшпелі өркениет сөгілді, жаңа өркениет арада емес, арманда да емес, елдің еңсесін түсірді, болашағына күмән тудырды. Кеңестік орталық, большевизм жүргізген геноцид-этноцид отаршылықтың шыңы болды. Міне, осындай сәтте 1986 жылы желтоқсан оқиғасы өрбіді, ол тек Колбин сияқты кеңес империясының азғын, озбыр, жебір, сауаты дүмбілез, алпауыт апайтөс әміршісіне ғана қарсы туған наразылық емес-ті. Ол Кеңестік империяның уысында қалған сорлы халықтың диктатураға, орыстандыруға, полигондарға, лагерьлерге, экологиялық апатқа қарсы туған наразылығы болатын.

**IX. Қазақ елі егемендік алған шағында.** Міне, осы сәтте Коммунистік партияның билеуші тобы өздері аялап өсірген империяны құлатып тынды. Қазақ елі де бостандық алды, Қазақстан суверенді, тәуелсіз мемлекет болып, Біріккен Ұлттар Ұйымының тең құқықты мүшесі болды. Қазақ елі тұңғыш рет өзінің Президентін – Нұрсұлтан Назарбайды сайлады. Абылай бабамыздың тұсында Ұлытауға Бүкілхалықтық құрылтайға жиналып, бірлігі

жарасқан, дәулеті асқан, бақыты тасқан ел боламыз деп ант бергендей, біз бүгін жаңа заманда бүкіл халықтық құрылтайға қайта жиналып отырмыз.

Міне, бауырларым, қазақ халқының тарихи өткен жолы да, жеткен жері де, болашақ бағдары да осы. Ұзақ тарихымызға шолу жасай келе айтар қорытынды: қазақ тарих сынынан өткен халық, жаңа заманға талай қырылып, талай тіріліп жеткен халық. Қазақ елінің шалқайса тарихи шыңы бар, еңкейсе иен елі бар, қиянға шықса, қасқая қарсы тұрар ері бар, ұланбайтақ қойны қазына жері бар. Ендеше, оның көсегесі көгерген, еңсесі биік ақ орда тігер кезі бұл. Тек жаратқан Алла жар болып, құт қонған, бақ дарыған, жарастығы асқан, дәулеті тасқан халықтың ерен еңбегі, таудай талабы, ғажайып жасампаз өнері өрге сүйреп, ел болуға жазсын! Жорытқанда жолымыз болсын, серігіміз қыдыр болсын! Іске сәт, қандас бауырларым!

*Бүкілқазақтық тұңғыш құрылтайда жасалған баяндама құрылтай туралы кітапта, «Ақиқат» (1992, №12), «Зерде» журналдарында (1992, № 12), «Егемен Қазақстанда» т.б. басылымдарда жарияланды.*

*Бұл еңбекте баяндаманың алғашқы түпнұсқасы жарияланып отыр.*

## ҚАЗАҚ ТАРИХЫ – ДАЛА ӨРКЕНИЕТІНІҢ ҚҰРАМДЫ БӨЛІГІ

Біз Ата тарихымызды таразылап жатырмыз. Көп проблемалардың ішіндегі ең методикалық мәні бар проблема – өркениет проблемасы. «Цивилизация», «өркениет» деген не? Оны қалай түсінуге болады? Ол латынның «civilis» – азаматтық, қоғамдық деген сөзінен шыққан. Ол, біріншіден, мәдениеттің синонимі, екіншіден, қоғам дамуының, оның материалдық, рухани (тірнек, көрнек) мәдениетінің даму дәрежесі, баспалдағы, үшіншіден, Л.Морган, Ф.Энгельс түсінігіндей қоғамның тағылық, одан кейінгі варварлық кезеңінен кейінгі даму кезеңі, өркениет басқышы. Өркениет туралы қалам тартқан орыс ғалымы Н.Данилевский өркениетті «мәдени тарихи» тип деп санаса, П.Сорокин «үлкен мәдени жүйе» деп қарайды, ал неміс философы К.Ясперс оны «айналма дәуірлер» деп тұжырымдайды. Қалай болғанда да тарихта «шектелген мәдениет» барын ойшылдар мойындайды. Заманымыздың белгілі ағылшын тарихшысы А. Тойнби өркениетті табиғи бір ортада динамикалық даму кезінде біріккен қоғамы тұтастық деп қарайды.

Шын мәнінде дамудың эволюциялық барысында белгілі бір кеңістікте қоғамға тән мәдени-экономикалық, рухани ортақтық, өркениеттік тұтастық қалыптасады. Ол сол қауымның адам баласының дамуындағы қол жеткен деңгейді көрсетеді. Тағылық, тұрпайылық кезден өркениетке өту адам баласының тарихында біздің жыл санауымыздан 4000 жыл бұрын пайда



болды, бізге көрші Қытай, Үндіде біздің жыл санауымыздан бұрын 2000 жыл, 2500 жыл бұрын болса, біздің ұлы сахарада да өркениет 1500-2000 жыл бұрын пайда болды деп есептеуге дәлелдер баршылық. Алайда, батыстық өркениет зерттеуші ғалымдар басқаша ойлайды. Бізге төменде А.Тойнби еңбегінен үзінді беруге амалсыз тура келеді:

«Кочевники, как и эскимосы, стали вечными узниками климатического и вегетационного годового цикла. Наладив контакт со степью, кочевники утратили связь с миром. Время от времени они покидали свои земли и вырывались во владения соседних оседлых цивилизаций. Несколько раз им даже удавалось перевернуть размеренную жизнь оседлых своих соседей... Таким образом, несмотря на нерегулярные набеги на оседлые цивилизации, временно включающие кочевников в поле исторических событий, общество кочевников является обществом, у которого нет истории». Міне, осылай біз, көшпенділер, варварлар есебінде «тарихы жоқ» халық қатарына біржолата жатқызылғалы қашан. «Тарихы жоқ халықтар» деушілер оларды тұрпайы қоғам, тағы қоғам, бір томаға-тұйық ортада қозғалысы жоқ, дамуы жоқ қоғам дәрежесінде санайды. «Ескі және жаңа әлем мемлекеттері ұлан-ғайыр өзгерістерді бастан кешіп жатты, ал дала, ондағы көшпелі халықтардың өмір салты мейлінше баяу өзгерді» (Г.Е.Марков).

Әлемдік тарихқа осылай әр өркениет өзіндік өрнегін салады, одан өз орнын алады.

Міне, түркі әлемінің, оның ішінде қазақ елінің әлемдік тарихтағы орны қандай? Ол оған не қосты, қандай өрнек салды? Тағылық – варварлық – өркениет сияқты сатылардан өте алды ма? Әлде А.Тойнби айтқандай, тұрпайы (примитивтік) қалпында қалды ма? Шығыс халықтарының өркениетін батыл айтып жүрген ғалымдар баршылық. Орыстың атақты археологы, академик А.П.Окладниковтың еңбектерінде түрік халықтарының Батыс Сібір цивилизациясын атайды. «Древняя тюркская Сибирь, – деп жазады академик А.П.Окладников, – оказалось теснее связанной с западом, чем с востоком. Ее культура много богаче и ярче, чем можно было полагать ранее. У берегов Байкала, на Ангаре, Лене сходились и расходились пути древних культур Востока и Запада, существовали мощные по тем временам самобытные культурные очаги, без учета которых история Евразии не может быть полностью понятой. Как мы видим по находкам, от крепостей тюрков в Прибайкалье ведет их путь на Дон и на Дунай».

Л.Н.Гумилев, О.Сүлейменов «Көшпенділер мәдениеті өзінің 3000 жылдық ғұмырында Жерорта теңізі мен Қиыр Шығыс елдеріне қарағанда творчестволық эволюцияны бастан өткерді» – деп санайды. Еуразия сахарасындағы бұл көшпенділер өркениетін біздің заманымызға дейінгі XI ғасырдан бастап, біздің заманымыздың XVIII ғасырына дейін жеткізеді.